«Қуатжылуорталық-3» МКК-ның жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне 2027-2031 жылдарға арналған тарифтері мен тарифтік сметасын бекітуге ұсынған өтінімдегі жобасын талқылаудағы жария тыңдаулардың
ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы «19» қазан 2026 ж.
сағат. 11:00

Ұйымдастырушы:
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті.

Сәлеметсіздерме Құрметті жария тыңдауларға қатысушылар

Күн тәртібі:

«Қуатжылуорталық-3» МКК-ның *(бұдан әрі – МКК)* жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне 2027-2031 жылдарға арналған тарифтері мен тарифтік сметасын бекітуге ұсынған өтінімдегі жобасын талқылау үшін жария тыңдаулар өткізу.

Жария тыңдаулар өткізудің мақсаты жариялылықты, хабардар болуды, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгерімділігін сақтауды, тарифтер қалыптастыру рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Жария тыңдаулардың төрағасы:
Кошекбаев Кенжеболат Куандыкович - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы.

Жария тыңдаудың хатшысы:
Дүйсенбек Дияс Қанатұлы – табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

Қатысқандар: Департаменттің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы А.Кеңес, МКК өкілдері: басшының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары А. Калдыкозов, экономика бөлімінің басшысы Д. Имамадиев, экономистер Р. Джанабаев, Б. Ускенбаева, Б. Турегельдиева, мекеме қызметкері С. Әділова, Өңірлік комиссия мүшелері (3) және МКК-ның тұтынушылары барлығы 18 адам қатысты.

Жария тыңдаулар төрағасы жария тыңдаулардың мақсаты мен регламентін таныстырды.

Жария тыңдаулар төрағасы баяндамашы МКК экономика бөлімінің басшысы - Д. Имамадиевке сөз кезегін берді.

Д. Имамадиев – жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне тарифтері мен тарифтік сметасын бекітуге ұсынған өтінімдердегі шығындары мен себептерін толық баяндады.

Жария тыңдаулар төрағасы: Сөз кезегін сұрақ қоюшыларға берді.

И. Әлсерке – тарифтік сметадағы «көмір» бабы бойынша, қанша қазандық көмір пайдаланады.

Д. Имамадиев – 5 қазандық көмір пайдаланады.

Т. Қараменов – тарифтік смета жобасындағы «химреагенттер» бабы неліктен 260% өсуде.

Сканировано с CamScanner

Д. Имамадиев – бұл ретте, «химреагенттер» бабы бойынша 5 жыл аралығында шығындар көбейген, айта өтсек, «химрагенттер» бабы бойынша тарифтік сметаға осы уақыт аралығында ешқандай өзгерістер енгізілмеуіне байланысты, аталған бап бойынша шығындар 260% өсуде.

Жария тыңдаулардың төрағасы – тарифтік смета жобасындағы «нормативтік-техникалық шығындар» бабы бойынша техникалық ысыраптар көбінесе қаладағы ішкі жылу желілерде немесе магистралдық желілерде бола ма?

А. Калдыкозов – жылу желілеріндегі техникалық ысыраптар көбінесе магистралдық желілерде орын алды және «Ұлттық жоба» аясында аталған магистралдық желілерді күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде техникалық ысыраптарды төмендету көзделуде.

Басқада тұтынушылар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар болмағандықтан жария тыңдау аяқталды.

Жария тыңдаулар төрағасы Департамент өзінің функционалдық міндеттемелерін және өкілеттіктерін орындау барысында мемлекеттің, тұтынушылардың және қызмет көрсетушілердің мүдделерінің балансын сақтау принципін ұстанады. «Қуатжылуорталық-3» МКК-ның жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне тарифтерін бекіту қолданыстағы заңнамаларда көрсетілген мерзімде және тәртіпте іске асырылады.

Жария тыңдауларға қатысқандардың, сөз сөйлегендердің пікірлері ұсыныс ретінде және мәлімет үшін қабылданады, айтылған ескертулер, тілектер мен ұсыныстар хаттамаға жазылып, тарифтерді бекіту кезінде ескеріледі.

Осымен, келгендеріңізге және қатысқандарыңызға алғысымды білдіремін, жария тыңдау аяқталды деп жариялаймын.

Жария тыңдаудың төрағасы **К. Кошекбаев**

Жария тыңдаудың хатшысы **Д. Дүйсенбек**

Сканировано с CamScanner

«Қуатжылуорталық-3» МКК-ның жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне 2027-2031 жылдарға арналған тарифтері мен тарифтік сметасын бекітуге ұсынған өтінімдегі жобасын талқылаудағы жария тыңдаулардың стенограммасы

Шымкент қаласы «19» қазан 2026 ж.
уақыты. 11:00

Жария тыңдау жиналысы: Шымкент қаласы, Диваев көшесі №148 үй 2 қабатта Департамент ғимаратында және онлаин форматта өткізілді.

Ұйымдастырушы:
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті.

Күн тәртібі:

«Қуатжылуорталық-3» МКК-ның *(бұдан әрі – МКК)* жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне 2027-2031 жылдарға арналған тарифтері мен тарифтік сметасын бекітуге ұсынған өтінімдегі жобасын талқылау үшін жария тыңдаулар өткізу.

Жария тыңдаулар өткізудің мақсаты жариялылықты, хабардар болуды, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгерімділігін сақтауды, тарифтерді қалыптастыру рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Жария тыңдау төрағасы:

Кошекбаев Кенжеболат Куандыкович - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы.

Жария тыңдау хатшысы:

Дүйсенбек Дияс Қанатұлы – табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

Қатысқандар: Департаменттің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы А.Кеңес, МКК өкілдері: басшының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары А. Калдыкозов, экономика бөлімінің басшысы Д. Имамадиев, экономистер Р. Джанабаев, Б. Ускенбаева, Б. Турегельдиева, мекеме қызметкері С. Әділова, Өңірлік комиссия мүшелері (3) және МКК-ның тұтынушылары барлығы 18 адам қатысты.

Жария тыңдаулардың төрағасы жария тыңдаулардың мақсаты мен регламентін таныстырды.

Жария тыңдаулар төрағасы баяндамашы МКК экономика бөлімінің басшысы - Д. Имамадиевке сөз кезегін берді.

Д. Имамадиев – жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне тарифтері мен тарифтік сметасын бекітуге ұсынған өтінімдердегі шығындары мен себептерін толық баяндады.

Жария тыңдаулар төрағасы: Сөз кезегін сұрақ қоюшыларға берді.

И. Әлсерке – тарифтік сметадағы «көмір» бабы бойынша, қанша қазандық көмір пайдаланады.

Д. Имамадиев – 5 қазандық көмір пайдаланады.

Жария тыңдаулардың төрағасы – тарифтік смета жобасындағы «нормативтік-техникалық шығындар» бабы бойынша техникалық ысыраптар көбінесе қаладағы ішкі жылу желілер де немесе магистралдық желілерде бола ма?

Сканировано с CamScanner

А. Калдыкозов – жылу желілеріндегі техникалық ысыраптар көбінесе магистралдық желілерде орын алды және «Ұлттық жоба» аясында аталған магистралдық желілерді күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде техникалық ысыраптарды төмендету көзделуде.

Басқада тұтынушылар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар болмағандықтан жария тыңдау аяқталды.

Жария тыңдау төрағасы – Департамент өзінің функционалдық міндеттемелерін және өкілеттіктерін орындау барысында мемлекеттің, тұтынушылардың және қызмет көрсетушілердің мүдделерінің балансын сақтау принципін ұстанады. «Қуатжылуорталық-3» МКК-ның жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметтеріне тарифтерін бекіту қолданыстағы заңнамаларда көрсетілген мерзімде және тәртіпте іске асырылады.

Жария тыңдауларға қатысушылардың пікірлері ұсынымдары мен мәліметтері айтылған ескертулер ұсыныстар үшін қабылданады, хаттамаға жазылады және тарифтерді бекіту кезінде ескеріледі.

Жария тыңдауға қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдіремін, жария тыңдауды аяқтауды жариялаймын.

Жария тыңдау хатшысы **Д. Дүйсенбек**

Сканировано с CamScanner